

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Алаш аманаты

ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.07.2025СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/181494/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мұрат Ақниет Алаш — бұл қазақ халқының азаттығы үшін күрескен ұлы идея. Алаш — бұл рух, Алаш — бұл ар. XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы — ұлт болашағын ойлаған, халық...

## Мұрат Ақниет

Алаш — бұл қазақ халқының азаттығы үшін күрескен ұлы идея. Алаш — бұл рух, Алаш — бұл ар. XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы — ұлт болашағын ойлаған, халық тағдырын біліммен, парасатпен, демократиялық жолмен шешкісі келген ұлт зиялыларының тарихи миссиясы еді. Олар қарумен емес, қаламмен күресті. Олар жарқын болашақтың іргетасын қалауға тырысты. Алаш қайраткерлері — Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатовты бастаған ұлт зиялылары халқының намысын қорғап, отарлық бұғауда жаншылып бара жатқан елге үміт отын сыйлады. Олар үшін Тәуелсіздік — арман емес, нақты мақсат еді. Осы жолда олар өмірін, бостандығын, ақырында — жанын қиды. Алаш аманаты — бұл тек тәуелсіздік емес. Бұл — білімге құштарлық, ұлттық болмысқа адалдық, әділетті қоғам құруға деген талпыныс. Алаштың аманаты — бүгінгі бізге жүктелген жауапкершілік. Олар армандаған әділетті, білімді, біртұтас қазақ қоғамын біз құруымыз керек. Бүгінде біз тәуелсіз елміз. Бірақ сол тәуелсіздіктің негізінде кімдердің тері мен қаны тұнық тамыр болып жатқанын ұмытпау — ұрпақтық парыз. Алаш зиялылары құрған идеялар жүйесі — қоғам өзгерсе де, заман ауысса да мәнін жоғалтпайтын рухани бағдар. Олардың әр сөзі — елдің ертеңіне бағытталған аманат. Алаш аманаты — біздің де ұлт алдындағы жауап. Біз олар аңсаған мемлекетте өмір сүріп жатқан болсақ та, олар аңсаған тәуелсіз елді әлі толық қалыптастыра алған жоқпыз. Сондықтан, ұлттық болмысқа етене еніп, елдікке ұмтылу — Алаш аманатының шынайы сипаты. Бұл аманат ұран емес — ұрпақ алдындағы уәде. Уақыт өзгерсе де, ұлтқа адал қызметтің құны өзгермейді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.